

Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу қағидаларын және кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының тізбесін және оларды пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 маусымдағы 19-2/510 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 тамызда № 11862 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 37 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 31.01.2020 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 105-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу қағидалары;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының тізбесі;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарын пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 23 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 07 шілде

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 15 маусым

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 2 маусымдағы
№ 19-2/510 бұйрығына
1-қосымша

Су объектілерін

кеме қатынасы санатына жатқызу қағидалары

1. Осы Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 105-бабының 3-тармағына, "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – Су көлігі туралы заң) 11-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және су объектілерін кеме жүзетін су жолдары санатына жатқызу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган – қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, сондай-ақ оның аумақтық органдары;

2) орталық атқарушы орган – ішкі су көлігі саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – елді мекендер шегінен тыс жерлерде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы басқару мен бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары – кеме қатынасы мақсатында пайдалануға болатын табиғи немесе қолдан жасалған қатынас жолдары.

3. Ішкі су жолдары, Су көлігі туралы заңның 1-бабының 30) тармақшасына сәйкес навигация кезеңінің белгіленген мерзімінде олардың тиесілілігі мен меншік нысанына қарамастан кемелердің іркіліссіз әрі қауіпсіз жүзуі үшін кеме жүзуінің тиісті габариттерін, кеме жүзетін гидротехникалық құрылыстардың (шлюздердің) жұмыс істеуін, су жолдарын пайдалану кезінде экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

4. Су жолдары арқылы жүк пен жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыру мүмкіндігін әрі орындылығын Су көлігі туралы заңның 9-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес орталық атқарушы орган айқындайды.

5. Орталық атқарушы орган су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу және су объектілерін немесе олардың участкелерін (шекарасын көрсетіп) кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының тізбесіне қосу туралы ұсыныстар дайындайды.

6. Ұсыныстарға мыналар енгізіледі:

1) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын тасымалдаудың күтілетін көлемі, жүк тасқынның болжалды бағдары мен тасымалдау процесін ұйымдастыру үшін көлік (жолаушылар) флотының жоспарланған саны;

2) кеме қатынасы санатына жатқызуға ұсынылатын су объектісінің схемалық жоспары, гидрологиялық сипаттамасы және пайдалану ерекшеліктері;

3) кеме қатынасы санатына жатқызуға ұсынылатын су объектісінде кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар және оларды қысқа мерзімді (үш жылдық) перспективада күтіп-ұстау бойынша қаржы қаражатының қажеттілігі.

7. Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу жөніндегі ұсыныстар: қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ведомствоның аумақтық бөлімшелерімен келісіледі.

**Кеме қатынасы,
әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын
кеме қатынасы су жолдарының тізбесі**

1. Балқаш көлі.
2. Есіл өзені, Петропавл су қоймасының бөгетінен бастап Солтүстік Қазақстан облысының Приишимка кентіне дейін.
3. Есіл өзенінің Астана қаласының әкімшілік-аумақтық шекарасы шегіндегі учаскесі.
4. Жайық-Каспий каналы.
5. Қазақстан Республикасының аумағындағы Қиғаш өзенінің учаскесі (Волга өзенінің саласы).
6. Қара Ертіс өзені (Қытай Халық Республикасымен шекарадан бастап) Зайсан көлі - Бұқтырма, Өскемен және Шүлбі су қоймаларымен бірге Ертіс өзені (Ресей Федерациясымен шекараға дейін).
7. Ресей Федерациясынан бастап Жайық өзенінің сағасына дейінгі Жайық өзенінің учаскесі.
8. Сырдария өзені, Қызылорда қаласы мен паром өткелдерінің маңы.
9. Іле өзені, Қапшағай су қоймасымен бірге Қытай Халық Республикасымен шекарадан бастап Қапшағай СЭС бөгетіне дейін.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 2 маусымдағы
№ 19-2/510 бұйрығына
3-қосымша

**Кеме қатынасы,
әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы
су жолдарын пайдалану қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарын пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 105-бабының 3-тармағына, "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – Су көлігі туралы заң) 13, 14, 15-4-баптарына "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі

туралы" 2004 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы заңының 1-бабының 45) тармақшасына және 63-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарын пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың қолданысы, осы бұйрықпен бекітілген Кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының тізбесіне сәйкес кеме қатынасы үшін ашық су жолдарына таралады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аумақтық бөлімшелер – уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері;

2) кеме – Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауындағы, ішкі суларда жүзетін кеме, кеме қатынасы мақсатында пайдаланылатын өздігінен жүзетін немесе өздігінен жүзбейтін жүзбелі құрылғы, оның ішінде "өзен-теңізде" жүзетін кеме, паром, техникалық флот кемесі (су түбін тереңдетуші және су түбін тазартушы снарядтар, жүзбелі кран және басқа да осы сияқты техникалық құрылыстар);

3) кеме жолы – белгілі бір көлемдегі кемелердің кедергісіз жүзуіне жол берілетін шектерде жолдың бағыты мен шекараларын көрсететін навигациялық жағдайдың белгілері қойылған, ішкі су жолдарындағы су беті;

4) рейдтер – кемелердің зәкір салып тұруына, маневр жасауына немесе жүктерді қайта тиеуге арналған кеме жолы шегінен тыс порт акваториясының бөлігі;

5) судың жобалық деңгейі – кеме қатынасы қарқындылығының белгісі бойынша су жолдары тобына қарай көпжылдық қамтамасыз етудің белгіленген шамасы бар, төменгі навигация деңгейлерінің бірі, оның негізінде кеме қатынасы өзендерінде кепілдік берілген кеме жүрісі габариттері белгіленеді;

6) уәкілетті орган – ішкі су көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Су көлігі туралы заңның 1-бабының 43) тармақшасымен көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) уәкілетті органның кәсіпорны – қызмет көрсететін шекаралар шегінде кемелердің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету мақсатында ішкі су жолдарын және кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарын (шлюздерін) тиісінше күтіп-ұстау мен дамыту үшін өндірістік қызметті жүзеге асыру негізгі міндеті болып табылатын ішкі су көлігінің мемлекеттік кәсіпорны.

2. Кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарын күтіп-ұстау

4. Астананың әкімшілік-аумақтық шекарасы шегіндегі Есіл өзенінің кеме қатынасы учаскесін қоспағанда, су жолы жұмыстарын, оның ішінде мемлекет

меншігіндегі порттарда рейдтер және осы порттардың айлақтарына кіреберістерді жасау мен күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізуді, сондай-ақ кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарын күтіп-ұстау мен тасымалдаушының технологиялық байланысты ұйымдастыруын уәкілетті органның кәсіпорындары жүзеге асырады.

Астананың әкімшілік-аумақтық шекарасы шегіндегі Есіл өзенінің кеме қатынасы учаскесінде су жолы жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етуді астана әкімдігі жүзеге асырады.

5. Келесі жағдайларда су жолы жұмыстары жүргізілмейді:

1) егер кеме қатынасы су жолының екі жағалауы да кеме жүзетін болып табылса және кемелердің қозғалысы сағаның бүкіл ені бойына мүмкін болса (мұндай жағдайда навигациялық белгілер орнатылмауы мүмкін);

2) егер кеме қатынасы су жолының бүкіл ұзындығына осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес шектеулі қазулар және кемелер мен құрамдардың көлемі, шөгугі бойынша шектеулер болмаса.

6. Порттарға (осы Қағидаларың 4-тармағының бірінші бөлімінде көрсетілмеген) кіреберістердегі, сондай-ақ тоқтау пункттеріндегі жол жұмыстарын жүргізуді олардың иелері жүзеге асырады.

7. Ішкі су жолдарын және олардағы кеме қатынасы гидротехникалық құрылыстарын күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстар жол жұмыстарын жүргізуге арнайы рұқсатсыз жүзеге асырылады.

8. Су көлігі туралы заңның 17-бабының 2) тармақшасына сәйкес ішкі су көлігі саласындағы бақылау мен қадағалауды аумақтық бөлімшелер кеме қатынасының су жолдарын және навигациялық жабдықтар құралдарын тиісінше күтіп ұстауды бақылау және қадағалау арқылы жүзеге асырады.

3. Кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарын навигациялық қоршау

9. Кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарын навигациялық қоршау ішкі су жолдарында кемелердің жүзуіне, әуе кемелерінің ұшуына (қонуына) қауіпсіз жағдайлар жасауға және жасанды құрылыстардың сақталуын қамтамасыз етуге арналған.

10. Кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының навигациялық қоршауын күтіп-ұстауды кәсіпорындар орындайды және ол навигациялық жабдық құралдарын орнату мен оларға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізуден тұрады. Кәсіпорындар кеме жүргізушілерге жол жағдайларының жай-күйі мен олардың өзгеруі туралы хабарлайды.

11. Темір жол, автожол, коммуналдық және қалқымалы көпірлерде, су астындағы және әуедегі өту жолдарында, су жинағыштар мен су жібергіштерде, оларды сақтауға және кемелердің жүзуіне қауіпсіз жағдай жасауға арналған кеме қатынасы сигналдарының белгілері (стационарлы және қалқыма) мен шырақтарын орнату және күтіп-ұстауды осы құрылыстардың иелері жүргізеді.

12. Су кіре берістеріндегі және порттар, айлақтар, бөгеттер, рейдтер және оқшауландырылған пайдаланымдағы су жолдарының басқа да учаскелері акваториясындағы навигациялық қоршауды орнату мен күтіп-ұстауды осы акваториялар мен су жолдарының учаскелері пайдаланымында орналасқан жасанды құрылыстардың иелері және ұйымдар аумақтық бөлімшелермен келісім бойынша жүргізеді.

13. Жағалық және қалқыма белгілердегі навигациялық шырақтар ымырттың ортасына сәйкес келетін (күннің көкжиектен үш градус төмен болған кезінде) кемінде қырық – жүз люксті құрайтын, көлденеңінен жарық түсірген кезде жұмыс істейді.

Кеме қатынасы су жолдарында орналасқан құрылыстардағы навигациялық шырақтар шектеулі көру кезеңінде жұмыс істейді.

14. Су жолының сигналдық белгілері кемелерді немесе жүзу құралдарын арқандап байлау немесе шығару үшін пайдаланылмайды, сондай-ақ осы белгілер зақымдалмайды.

15. Әрбір кеме жүргізуші және әуе кемесінің ұшқышы тиісті кәсіпорынды жолдың сигналдық белгілерінде байқалған жұмыс істеу ақаулығының барлық жағдайлары (сөнген шырақ, бакеннің, қалқыманың орнынан қозғалуы, белгінің зақымдануы) туралы хабардар етеді.

16. Аумақтық бөлімшелер ішкі су жолдарының қоршаулары зақымдануының, жолдың жарияланған көлемдерінің сәйкес болмауы салдарынан қазулар зақымдануының барлық жағдайларына актілер жасайды және оларды жою жөнінде қажетті шаралар қабылдайтын кәсіпорынға жібереді.

17. Кеме қатынасы ішкі су жолдарын пайдалану Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 161 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 10870 тіркелген) Ішкі су жолдарын пайдалану қағидаларымен реттеледі.

Кеме қатынасы,
әуе кемелерінің ұшуы (қонуы)
үшін пайдаланылатын
кеме қатынасы су жолдарын
пайдалану қағидаларына
қосымша

Кемелер мен су жолдары көлемдерінің ара қатынасы

Кеме қатынасы су жолдарындағы түп астындағы ең аз су запастары (сантиметрмен)

Су жолының тереңдігі	Барлық кемелер үшін	
	Құмды және жұмыртасты жерде	Тасты жерде
150-ден кем	10	15
150-300	15	20
300-ден артық	20	25

Ескертпе:

1. Запастардың мәні шектеулі қазуда жарияланған тереңдік пен тұрған кеменің ең үлкен шөгуі арасындағы айырмашылықты көрсетеді.

2. Тереңдігі бойынша шектеулі қазудан өткен кезде кеме жүргізушілері қайырлау құбылысын ескереді және кеме жылдамдығын төмендету немесе көмекші сүйретіп жүзуші кемені тарту жолымен, мұндай шаралар жеткіліксіз болған кезде – шөгуді (тиеуді) тиісті азайту жолымен оны төмендету үшін шаралар қабылдайды.